
ҚАЗҒҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

«Психология, педагогика және әлеуметтік жұмыс» кафедрасы

**ОҚУ ТӘЖІРИБЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМА ЖӘНЕ
ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР**

6В11404 «Әлеуметтік жұмыс»

білім беру бағдарламасының студенттеріне арналған

ҚАРАҒАНДЫ 2024

6В11404 «Әлеуметтік жұмыс» Білім беру бағдарламасының студенттері үшін оқу тәжірибесін ұйымдастыру жөніндегі бағдарлама мен әдістемелік нұсқауларды п.ғ.к., доцент Абдакімова М.К., магистр, оқытушы Рахымова И.Қ. Қазғұтынуодағы Қарағанды университетінің Академиялық саясатына және Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін тәжірибені ұйымдастыру және өткізу қағидаларына сәйкес құрастырған.

ББ «Әлеуметтік жұмыс» Академиялық комитетінің отырысында талқыланған және құпталған «27» маусым 2024 г., хаттама № 2

«Әлеуметтік жұмыс» ББ
Академиялық комитетінің төрайымы
п.ғ.к., доцент



Абдакімова М.К.

МАЗМҰНЫ

Мазмұны	3
1 Нормативтік сілтемелер.....	4
2 Оқу тәжірибесінің мақсаты мен міндеттері.....	4
3 Оқу тәжірибесін ұйымдастыру	5
4 Оқу тәжірибесінің жетекшісінің міндеттері.....	5
5 Студент міндеттері.....	5
6 Оқу тәжірибесінің мазмұны.....	5
7 Есепті безендірудің әдістемелік нұсқауы.....	5
8 Оқу тәжірибесінің қортындысын жасау	6
9 Қосымшалар.....	8
А Қосымшасы – оқу тәжірибесі бойынша жазбаша есептің титулдық парағы	
Б қосымшасы – тәжірибенің күнтізбелік-тақырыптық жоспары	

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

27.07.2007 ж. ҚР "Білім туралы" Заңы 5-баптың 46-11-тармақшасы (өзгерістермен және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (өзгерістермен және толықтырулармен).

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы, 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 (өзгерістермен және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен (өзгерістермен және толықтырулармен) бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы.

Кәсіптік стандарт: ҚР ЕХӘҚМ 2019 жылғы 30 мамырдағы №292 бұйрығымен бекітілген «Психологиялық және әлеуметтік жұмыс».

Қазтұтынуодағы ҚарУ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін Тәжірибені ұйымдастыру және өткізу қағидалары, 2024ж.

2. ОҚУ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Оқу тәжірибесі «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасының 1 курс студенттері үшін өткізіледі (жеделдетілген оқу мерзімі бар қысқартылған білім беру бағдарламаларын қоспағанда).

Оқу тәжірибесінің мақсаты: оқыту процесінде алынған теориялық білімді бекіту мен тереңдетуді, зерттеу қызметінің алғашқы дағдыларын, іскерлік хат-хабар жүргізу дағдыларын алуды, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес Тәжірибелік дағдылар мен жұмыс дағдыларын меңгеруді қамтитын бастапқы кәсіби құзыреттерді меңгеру болып табылады.

Оқу тәжірибесінің негізгі міндеттері:

1) Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті қызметінің негізгі бағыттарымен танысу;

2) болашақ кәсіптің объектілері болып табылатын ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен жалпы танысу;

3) болашақ кәсіби қызметтің түрлерін, функциялары мен міндеттерін зерделеу;

4) іскерлік хат-хабарды зерделеу және іс қағаздарын жүргізуді енгізу;

5) Кәсіби коммуникация этикасы туралы түсінік алу, еңбек ұжымында жұмыс істеу дағдыларын меңгеру.

Оқу тәжірибесі Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінде (ҚҚарУ) болашақ кәсіби қызмет объектілері болып табылатын ұйымдарға таныстыру экскурсияларымен өткізіледі.

Экскурсиялар әлеуметтік қорғау, халыққа әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарында, медициналық-әлеуметтік мекемелерде, емханаларда, ҮЕҰ-да және т. б. жерлерде өткізілуі мүмкін.

Оқу тәжірибесінің ұзақтығы 6В11404 «Әлеуметтік жұмыс» Білім беру бағдарламасының оқу жоспарына сәйкес айқындалады.

Оқу тәжірибесін өткізу мерзімі ағымдағы оқу жылына арналған ҚарУК академиялық күнтізбесімен айқындалады.

3. ОҚУ ТӘЖІРИБЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Оқу тәжірибесін басқаруды және ұйымдастыруды «Психология, педагогика және әлеуметтік жұмыс» кафедрасы жүзеге асырады.

Оқу тәжірибесіне жіберген кезде студентке «Психология, педагогика және әлеуметтік жұмыс» кафедрасында әзірленген және 6В11404 «Әлеуметтік жұмыс» Білім беру бағдарламасының академиялық комитетінің отырысында бекітілген оқу тәжірибесінің бағдарламасы беріледі.

Тәжірибені ұйымдастыруға жауапты адам студенттерге тәжірибеге құжаттар топтамасын беруді «практикаға берілген құжаттарды тіркеу журналында» тіркеуді жүзеге асырады (Ф.КП-16.1-21).

Тәжірибе қорытындысы бойынша студенттер кафедраға есеп тапсырады, ол «студенттердің тәжірибеден өтуі туралы есептерді тіркеу журналында» (Ф.КП-16.1-23) тіркеледі және оны тәжірибе жетекшісі тексереді.

4. ОҚУ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ ЖЕТЕКШІСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

«Психология, педагогика және әлеуметтік жұмыс» кафедрасының тәжірибе жетекшісі:

- тәжірибе басталғанға дейін студенттерді тәжірибеге қажетті даярлауды ұйымдастыру, тәжірибе бағдарламасына сәйкес консультациялар өткізу;
- тәжірибе мерзімдерінің сақталуын және оның мазмұнын бақылауды жүзеге асыру, студенттерге тәжірибе бағдарламасын орындау кезінде әдістемелік көмек көрсету;
- оқу тәжірибесынан өту туралы студенттің есебін тексеру.

5. СТУДЕНТТІҢ МІНДЕТТЕРІ

Студент тәжірибеден өту кезінде:

- тәжірибе бағдарламасын толығымен орындау;
- университетте қолданылатын ішкі тәртіп ережелеріне бағынуға ;
- еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария ережелерін қатаң сақтау және зерделеу;
- тәжірибе жетекшісіне тәжірибеден өту туралы жазбаша есеп беру.

6. ОҚУ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ

Оқу тәжірибесі кезеңінде студент келесі жұмысты орындап, оны есепте көрсетуі керек:

- 1) ҚҚарУ қызметінің негізгі бағыттарымен танысу;
- 2) білім беру ұйымының ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен танысуға;
- 3) «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттерін зерделеу;
- 4) «Психология, педагогика және әлеуметтік жұмыс» кафедрасының іс жүргізуімен, есеп беру және ағымдағы құжаттама түрлерімен танысуға міндетті.

7. ЕСЕПТІ БЕЗЕНДІРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Студент оқу тәжірибесінің нәтижелерін жазбаша есеп түрінде жинақтайды.

Оқу тәжірибесі бойынша есеп 6-8 бет көлемінде (қосымшаларды есепке алмағанда) компьютер мен принтерді пайдалана отырып, баспа тәсілімен А4

форматындағы ақ қағаз парағының бір жағында бір интервалмен орындалуы тиіс. Әріп-кәдімгі, кегль 14, Times New Roman. Есептің мәтіні шеттердің мынадай өлшемдерін сақтай отырып, басылуы тиіс: жоғарғы, төменгі - 20 мм, сол - 30 мм, оң - 10 мм. абзацтың бірінші жолының шегінісі 1 см.

Барлық беттердің нөмірленуі өтпелі, парақтың төменгі бөлігінің ортасында нүктесіз араб сандарымен көрсетіледі. Бет нөмірі парақтың төменгі бөлігінің ортасына нүктесіз қойылады. Титулдық параққа нөмірлеу қойылмайды.

Бөлімдер мен кіші бөлімдердің атаулары абзац шегінісінен бас әріппен, соңында нүктесіз, астын сызусыз басылуы керек. Әр бөлім жаңа беттен басталады. Бөлімдер мәтіннің екі жолына шегіну арқылы өзара бөлінеді.

Қосымшаларға тәжірибе бағдарламасын орындауға байланысты материалдар енгізіледі, олар кейінгі парақтарда есептің жалғасы ретінде ресімделеді және есептің қалған бөлігімен ортақ беттердің толассыз нөмірленуі болады. Есепте барлық қосымшаларға сілтемелер берілуі керек. Әр қосымшаны жаңа беттен бастау керек, беттің жоғарғы жағында «қосымша» сөзі және оның белгіленуі, есеп жазу тіліне сәйкес, мысалы, А Қосымшасы.

Қосымшада мәтінге қатысты симметриялы түрде (ортасында) жеке жолда бас әріппен жазылатын тақырып болуы керек. Егер есепте бір қосымша болса, онда оны белгілеуге рұқсат етіледі.

Тәжірибе жетекшісі тексергеннен кейін есеп жұмсақ мұқабада жасалады.

Тәжірибе аяқталғаннан кейін студент-тәжірибе өтуші «Психология, педагогика және әлеуметтік жұмыс» кафедрасына есеп ұсынады, онда:

1. Титулдық бет (қосымша А).
2. Тәжірибенің календарлық тақырыптық жоспары (қосымша Б).
3. Тәжірибе есебі.
4. Эссе.
5. Бағалау парағы.
6. Тәжірибе барысында жиналған құжаттар қосымшасы.

8. ОҚУ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ ҚОРТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ

Студент оқу тәжірибесінің қорытындысы бойынша «Психология, педагогика және әлеуметтік жұмыс» кафедрасына есеп ұсынады. Тәжірибе туралы есеп оқу тәжірибесі кезеңіндегі студенттің қызметін сипаттайтын негізгі құжат болып табылады.

Есепті тәжірибе жетекшісі тексереді және кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған комиссия алдында қорғайды.

Есептерді қорғау тәжірибе аяқталғаннан кейін 7 күн ішінде есептерді қорғау кестесінде белгіленген мерзімде жүргізіледі.

Есепті қорғау нәтижелері білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша пайыздық мазмұнмен бағаланады.:

- жазбаша есептің болуы;
- жиналған материалдардың Тәжірибе бағдарламасына сәйкестігі олардың жеткіліктілігі;
- есепте орындалған жұмыс түрлерінің толық көрсетілуі, олардың Тәжірибеден өту бағдарламасына сәйкестігі;;
- есептің дұрыс ресімделуін;;
- есепті қорғаудағы тәжірибе нәтижелері бойынша студенттің сөйлеу сапасының сипаттамасы.

Оқу тәжірибесінен өту нәтижелері аралық аттестаттау өткізу арқылы бағаланады.

Тәжірибе бойынша аралық аттестаттаудың қанағаттанарлықсыз нәтижелері

немесе дәлелді себептер болмаған кезде тәжірибе бойынша аралық аттестаттаудан өтпеу академиялық берешек деп танылады.

Оқу тәжірибесі бойынша академиялық қарызы бар студент қайта оқу курсына немесе жазғы семестрге қалдырылуы мүмкін.

Жазғы семестрге Тәжірибе бағдарламасын орындамағандар ретінде қалдырылған білім алушылар келесі академиялық кезеңде Тәжірибеға қайта жіберіледі, бұл ретте Тәжірибенің ұзақтығы еңбек сыйымдылығының нормаларына сәйкес түзетіледі.

9. ҚОСЫМШАЛАР

Қосымша А - Жазбаша есептің титул беті/Титульный лист письменного отчета по учебной практике

Ф.П-112-08

ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ
КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
КАЗПОТРЕБСОЮЗА

Тәжірибеден өту

ЕСЕБІ
ОТЧЕТ

прохождения учебной практики

Студент/студента _____
(тегі, аты, әкесінің аты/ фамилия, имя, отчество)

Тәжірибенің өту орны/Место прохождения практики

(ұйымның, кәсіпорынның атауы/наименование организации, предприятия)

Тәжірибенің басталуы/начало практики _____

Тәжірибенің аяқталуы/окончание практики _____

Есепті Тәжірибе жетекшісі қарастырды/Отчет рассмотрен руководителем практики от университета _____
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, атағы/ Ф.И.О., должность, звание)

Есеп қорғалды/ Отчет защищен _____
(баға/оценка)

Қорытынды баға/Итоговая оценка _____
(баға/оценка)

Комиссия _____
(Ф.И.О., қолы/подпись)

(Ф.И.О., қолы/подпись)

(Ф.И.О., қолы/подпись)

« ____ » _____ 202 ____ ж./г.

Бекітемін
 ППжәне ӘЖ кафедрасының меңгерушісі

 Ф.И.О.

« ____ » _____ 202__ г.

№ п/п	Бағдарламаға сәйкес орындалатын (зерттелетін) жұмыстардың тізімі Перечень работ, подлежащих выполнению (изучению) в соответствии с программой	Кәсіби тағылымдама бағдарламасының мерзімі Сроки выполнения программы учебной практики		Ескерту Примечание
		басы начало	аяқталуы завершение	
1	2	3	4	5
1.				
2.				

Тәжірибе жетекшісінің аты-жөні, қолы _____
 « ____ » _____ 202__ г.

Ф.И.О., подпись _____
 (руководитель практики от кафедры)
 « ____ » _____ 202__ г.

